

ЭПИГРАММАЛАР

Әліби Жангелдинге

Отағасы,	Кеткен соң қар,
Істің басы --	Мекеге бар,
Жас тоқал.	Сәлде сал.

Мадиярға

Жолдан азып,	Ақын Мәкен
Закон жазып,	Отыр ма сен
Майқы боп,	Қайқыып?

Мұстафаға (Шоқаев)

Шоқай, Шоқай	Көкек демей,
Қай жерде?	Секектемей,
Қай?	Қайтшы елге,
Айнама-ай!	Ойнамай.

Уалитхан Танашевқа

Қазақ ұлы,	Қи, қи, қи, қи,
Татар құлы	Ол форменный
Уалит ер,	Саудагер.

Айдархан Тұрлыбаевқа

Ертек,	Жуан қарын
Ертек,	Айдарханы
Ерте екен.	Қырт екен.

Асылбек Сейітовке

Бір-екі-үш ай	Шорман биге
Шапты да тай,	Тартық сыйға
Басылды...	Асылды.

Мұсылманбек Сейітовке

Мұсылманбек
Мұрты тіп-тік
Судья.

Очень лестно,
Ну, конечно.
Ну, ну, я...

Асфандияр Шормановқа

Асфандияр,
Граф Диуар,
Қайдасың?

Баю, баю,
Поздравляю,
Мещанин!

Шайбай Аймановқа

Айман, Шайбай,
Қайда, ойбай,
Гүләйман?

Шу, Шорман дүр,
Сен құрбан дүр,
Жылайман.

Смағұл Қазыбековке

Қазыбегім,
Қазақ елін
Ұрайын!..

Пошел, пошел.
Я сам дошел.
Құдайым!

Әлімхан Ермеков пен Халел Ғаббасовқа

Әлімге Ермек
Оқуға өрнек,
Жел есер...

«Халел, Халел»,—
Деп те елдің
Бойы өсер.

Нәзір Төрөқұловқа

Жас маркешіл,
Тағы бір «шіл»
Төрөқұл.

Я капитал,
Мәзірімді ал,
Қабыл қыл!

Хайреддин Болғанбаевқа

Бортаң бала,	Бір кемі жоқ,
Бүгін қара,	Бір теңі жоқ
Кәрі тай.	Болғанбай.

Мұсылманбек Мейрамовқа

Арақ та жоқ,	Кетті қаңғып,
Қарақ та жоқ,	Басы даң боп,
Мейрам жоқ.	Колесо боп дөңгелеп.

Омартай Жәнібековке

Есек, есек,	Жүр ғой өзі
Қатын өсек	Шілдің боғы
Жәнібек.	Дәрі деп.

Тел Жаманмұрыновқа

Жаны – жамау,	Елді жесе,
Таңқы танау	«Шілмін» десе,
Тел қайда?	Сол пайда...

Иса Қашқынбаевқа

Шірік сиса,	Іздеп Мола ¹ ,
Доктор Иса,	Сен біржола
Қашқынбай!	Қаштыңба-ай?

Бақытжан Қаратаевқа

Сөнген айым,	Жүріп күшке,
Қаратайым,	Арақ іш те,
Бақытсыз.	Жаз арыз.

Мырзалиевке

Сасай азбан	Дуайт-тралайт,
Жерді қазған	Мырзамызға
Мырзамыз.	Ризамыз.

Асхат Сайдалинге

Көкек, көкек,	Асхат, Асхат,
Менмен есек	Үйінде жат,
Идейный.	Ереймей.

Сатылған Сабатаевқа

Зиялы адам,	Достан құрып,
Қиялы арам,	Бостан жүріп,
Сатылған.	Атылған.

Әбілқайыр Досовқа

Бетім, бетім,	Ел биледі-ау,
Құдіретім,	Сөз сөйледі-ау
Не дейін?!	Әбіл жын!..

Райымжан Марсековке

Қарны ысылып,	Қашқар барды,
Жаны қысылып	Сәлде салды,
Рай-Марсек,	Мінді есек.

Жүсіпбек пен Мұхтарға

Жүсіп жарқын,	Қазір Жүсіп
«А» деп қарқын	Артын қысып,
Жат еді-ау!..	Қашып па?

Жас бала – мас,
Астында ағаш
Ат еді-ау!

Мұхтар, Мұхтар,
Ол да тоқтар,
Асықпа...

Әбдірахман Байділдинге

Чик-чик,
Колокольчик
Дин, дин, дин.

Сылдыр-сылдыр,
Былдыр-былдыр
Байділдин.

Жұмағали Тілеулинге

Көкшетаулық,
Денге саулық,
Ақ жаулық.

Жерді шарлап,
Жыладым зарлап,
Ғали жоқ.

Сәкенге (Сейфуллинге)

Фуллин Сәкен,
Кекең-кекең.
Футурист.

Бала ақымақ,
Қожа, ташмай
Басын кес.

Мұқтар Саматовқа

Құрейт,
Құрейт,
Наркомпрод Саматов,

Азық-түлік,
Жина мүлік
Жайнатып.

Біркей (Бірмұқамбет) Айбасовқа

Біркей, Біркей,
Шыбын-шіркей
Молада.

Анда-санда:
«Мен мұнда»,–
деп жылама.

Жаһанша Досмұхамедов пен Халел Досмұхамедовке

Қайда екі дос?	«Алла, хақ»,– деп,
Орал боп-бос...	«Біз нахақ»,– деп
Қайда олар?	Жүр бұлар.

Ахмет Байтұрсыновқа

Ақан, Ақан,	«Я, жаппар хақ,
Тілек-батан	Мен шын нахақ»,–
Аққа жақ.	Де де жат.

Ережеп Итбаевқа

Қотыр торы ат	Семейіңе –
Құтырып жүр	Көмейіңе
Итбаев,	Кет тайып.

Сейтқали Мендешевке

Қазақстан,	Құжынаған құрт,
Солдатстан,	Быжынаған бит
Тар балақ.	Жорғалап.

Мұқанбетжан Тынышбаевқа

Ескі кебіс,	Весьма тупой,
Собакеевич,	Член Думы,
Жаны кер.	Инженер.

Әлиханға

Ел ағасы,	Есенбісің,
Елдің басы,	Көсембісің,
О, Әли!	О, пәли!

Мұханбетжан Бейсеновке

Мен, Елден,
Мен, мен. Жерден
Единый мен Коммунист. Алып жүрмін көп үлес.

Мағжан Бекенұлына

I

Қайда Мағжан?
Мағжан мынау:
Самолуб,
Очень ленив,
упрямый паренек:
Көрсө әйел,
Көзі жоқ ол
Көбелек.
Я писал бы,
Не бросал бы
Карандаш,
Зато менің
Постоянно қарным аш.
Баю, баю,
Орманда аю,
Баю, бай.
Баю, баю,
Орманда аю.
Қой, ойбай!

II

Қайда, ойбай,
Мағжан?
Сөзге күймес,
Қалам тимес
Қандай жан?
Есінен де,
Күшінен де
Сөзі көп.
Очень ленив,
Самолубив
Паренек.
Көрсө әйел,
Көзі жоқ ол
Көбелек.
Я зеваю,
И бросаю
Карандаш.
Не бросал бы,
Я писал бы,
Қарным аш...